

Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімиятының 2009 жылғы 16 қаңтарда N 2 қаулысы. Ақтөбе облысының Мәртөк аудандық Әділет басқармасында 2009 жылдың 10 ақпанда N 3-8-75 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 28 сәуірдегі № 166 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімдігінің 2010.04.28 № 166 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 14 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін, қоғамдық жұмыстың көлемі мен түрлері, қоғамдық жұмыстар өткізілетін ұйымдардың тізімі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Мәртөк аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Турмагамбетова А.А.) осы қаулының жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін. Қоғамдық жұмысқа қатысушы тұлғалардың еңбек ақысы Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген төменгі еңбек ақысы есебіне сәйкес жыл қаржысынан нақты атқарған уақыты негізінде жүзеге асырылады және төлемдер жұмыссыздардың банкілердегі жеке есеп шоттарына аударылады.

3. Мәртөк аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 29 ақпанда N 3-8-49 тіркелген "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Мәртөк аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 11 ақпандағы N 55 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары И.Г.Цыбаға жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

А.Әмірғалиев

Мәртөк
2009
N
Қосымша

аудандық
жылғы
2
16

әкімдігінің
қаңтардағы
қаулысына

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Мәртөк аудандық әкімиятының 2009.08.27 N 246 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз)

**Уақытша жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін,
қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылатын мекемелер тізбесі,
қоғамдық жұмыстардың түрлері (жобалары) және көлемі**

Рет саны	Мекемелер атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері (жобалары)	Шарт бойынша жұмыстардың көлемі(болжам) (мың теңге)	Берілген сұраныс	
				Жұмыс орын саны	адам/ күні
1	2	3	4	5	6
1.	Селолық (ауылдық) округтер: Аққұдық Байторы Байнассай Қарашай Қаратоғай Қызылжар Құрмансай Жайсан Мәртөк Родников Тәңірберген Хазірет Хлебдар	"Құрылыс бригадасы", " Жолдар", "Көркейту" " Туған өлке" "Санақ" " Мейірбан медбике" " Эколог " "Суға батушыны құтқарушы " "Сарбаздар " "Іс шаралар өткізуге септесу " "Ауыл шаруашылығы жұмыстары " "Құс тұмауы" "Жады"	13717,0	274	6028
2.	"Аудандық прокуратура" Мемлекеттік мекеме	"Санақ" "Көркейту" " Құрылыс бригадасы"	13717,0	7	154
3.	"Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" Мемлекеттік мекеме	" С а н а қ " "Кеңесші"	13717,0	6	132
4.	"Аудандық қорғаныс істер бөлімі" Мемлекеттік мекеме	"Санақ"	13717,0	14	308

5.	"Аудандық білім бөлімі" Мемлекеттік мекеме және аудан мектептері	"Санақ" "Көркейту" "Мектептерде ертеңгілік ас әзірлеу" "Құрылыс бригадасы"	13717,0	39	858
6.	Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық, облыстық филиалының Мәртөк аудандық бөлімшесі	"Санақ"	13717,0	2	44
7.	Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі облыстық инспектурасы	"Ауыл шаруашылығы жұмыстары" "Құрылыс бригадасы"	13717,0	11	242
8.	"Аудандық орталық емхана" Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын	"Санақ" "Көркейту" "Құрылыс бригадасы"	13717,0	8	176
9.	"Аудандық соты" Мемлекеттік мекеме	"Санақ" "Көркейту"	13717,0	15	330
10.	"Аудандық ішкі істер бөлімі" Мемлекеттік мекеме	"Сарбазы" "Көркейту"	13717,0	9	198
11.	"Аудандық орман шаруашылығы" Мемлекеттік мекеме	"Тәлімбақ" "Көркейту"	13717,0	68	1496
12.	"Аудандық мәдениет үйі" Мемлекеттік мекеме	"Іс шаралар өткізуге септесу" "Көркейту" "Құрылыс бригадасы"	13717,0	21	462
13.	"Аудан әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекеме	"Санақ" "Көркейту" "Құрылыс бригадасы"	13717,0	22	484
14.	"Аудандық әділет басқармасы" Мемлекеттік мекеме	"Санақ" "Кенесші"	13717,0	14	308
15.	Алынып тасталды - Мәртөк аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 27 тамыздағы № 246 қаулысымен.				
16.	ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің " Республикалық ветеринариялық зертхана" РМҚК Ақтөбе облыстық филиалы Мәртөк аудандық ветеринариялық зертханасы	"Ауыл шаруашылығы жұмыстары"	13717,0	4	88
17.	Ақтөбе облысының сот әкімшісінің Мәртөк аумақтық учаскесі	"Санақ"	13717,0	12	264
18.	Мәртөк ауданы бойынша салық басқармасы	"Санақ" "Құрылыс бригадасы"	13717,0	4	88
19.	Алынып тасталды - Мәртөк аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 27 тамыздағы № 246 қаулысымен.				
	Ақтөбе облысының мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қадағалау				

20.	департаментінің Мәртөк аудандық бөлімі	"Көркейту" "Құрылыс бригадасы"	13717,0	3	66
21.	Жер-кадастр орталығының Мәртөк аудандық филиалы	"Санақ"	13717,0	1	22
22.	Алынып тасталды - Мәртөк аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 27 тамыздағы № 246 қаулысымен.				
23.	"Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" Мемлекеттік мекеме	"Көркейту" "Құрылыс бригадасы"	13717,0	2	44
24.	"Аудандық жер қаныстары бөлімі" Мемлекеттік мекеме	"Санақ"	13717,0	5	110
25.	Мәртөк ауданының мемлекеттік мұрағаты	"Санақ" "Жады"	13717,0	3	66
26.	"Мәртөк – сервис" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	"Көркейту"	13717,0	34	748
27.	Алынып тасталды - Мәртөк аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 27 тамыздағы № 246 қаулысымен.				
28.	Ақтөбе облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы РМҚК Мәртөк аудандық филиалы.	"Санақ"	13717,0	7	154
29.	Ақтөбе облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі басқармасының Мәртөк аудандық қылмыстық-атқару инспекциясы	"Перепись"	13717,0	4	88

Қоғамдық жұмыстарың түрлері (жобалары)

" Қ ұ р ы л ы с б р и г а д а с ы "

Су, газ, кәріз құбырларын және басқа коммуникация жүйелерін төсеу және жөндеу, мектеп, балабақша, аурухана және басқада бюджеттік сала объектілерін жөндеу. Құрылыс аяқталмаған, жартылай қираған ғимараттарды қалпына келтіру

" Ж о л д а р "

Жаңа жолдарды төсеу және қолданыстағы жолдарды және жол жиектерін, тротуарларды шөптен тазартуға, жөндеуге, жолға төселген материалдарды бекітуге, ұзақ жолға жүретін қоғамдық көліктің тұрағын көркейтуге көмек көрсету.

" К ө р к е й т у "

Аулаларды, гүлзарларды, парктерді, елді мекендерді көркейту. Екпе ағаштарды отырғызу және күту, гүлзарларды отырғызу, парктерді бөлу. Балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын ұйымдастыру.

" Т у ғ а н ө л к е "

Отынды дайындау, құдықтарды, бұлақтарды тазарта отырып, отырғызылған ағаштарды тазарту. Көпшіліктің шомылуына пайдаланатын өзендер мен су қоймаларының жағалауларын қоршау.

" Ауыл шаруашылығы жұмыстары "

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіруге, дайындауға және жинауға маусымдық көмек көрсету (көкөніс және бақша өнімдері). Қосалқы шаруашылығы бар мекемелерде мал бордақылау, жас малды өсіру, малды өріске жаю мен күзету. Малдарды идентификациялау.

" Т ә л і м б а қ "

Ағаштардың, гүлдердің көшеттерін аумақтарды жасыл желектендіру және абаттандыру кезінде одан әрі пайдалану мақсатында өсіру.

" С а н а қ "

Республикалық, аймақтық науқандарды (түрлі сынақтар, әскерге шақыру) ұйымдастыруға қатысу. Жоба шеңберінде жергілікті салықтарды жинауға, зейнетақы және жәрдемақыны қайта есептеуде, әскерге шақыру кезеңдерінде, жеке сотталғандардың жеке іс қағаздарын жүргізуде көмек көрсету. "Жалғыз терезе" қағидасы бойынша көмек көрсету.

" І с шаралар өткізуге септесу "

Мәдени мақсаттағы ауқымды іс- шараларды (спорттық жарыстар, халықтық мерекелер) ұйымдастыру кезінде көмек көрсету.

" Ж а д ы "

Тарихи – сәулеттік ескерткіштерді, қорықтық аймақтарды қалпына келтіру, оларды күзету және күту. Молаларды, бауырластар зираттарын абаттандыру, тазалау және күзету.

" М е й і р б а н м е д б и к е "

Денсаулық сақтау мекемелері мен үйде ауру және қарт адамдарды күту.

" Т і г і н ш і "

Ауруханаларда, мектептермен мектеп – интернаттарда, балалар үйлерінде, еңбекпен түзеу мекемелерінде, әлеуметтік көмек көрсету бөлімдерінде төсек – жаймалармен киім –кешектерді қайта тігу.

" Э к о л о г "

Тұрмыстық, қатты қалдықтарды көмуді ұйымдастыруға көмектесу және көму.

" К е ң е с ш і "

Аз қамтылған азаматтарға әртүрлі құқықтық мәселелер жөнінде ақысыз кеңес беру.

" С а р б а з д а р "

Қоғамдық тәртіпті сақтауға, елді мекендерде мал ұрлығының алдын алуға ІІБ қызметкерлеріне көмектеседі

"Мектептерде ертеңгілік ас әзірлеу"

Оқушылардың тамақтандыруын ұымдастыру үшін

"Суға батушыны құтқарушы"

Суға түсуге арналған арнайы орындарда балалардың және басқа адамдардың суға түсуін қадағалау, суға батушыны құтқару.

"Жас мамандар"

Жас мамандарды оқу бөлімдерін бітіріп келгеннен кейін мамандықтары бойынша жұмысқа тарту, қабілетін күшейту, мамандығына іс жүзінде көмектесу.

"Құс тұмауы"

Құс тұмауын алдын алу мақсатында округ жерлеріндегі су қоймаларын тексеру, жабайы құстардың тұрақтайтын жерлерін және құстың өлімі болған жағдайда оны анықтап, дер кезінде аудандық штабқа хабарлау, үй құстарының жабайы құстармен орналасуына жол бермеу.

Қоғамдық жұмыстардың нақты шарттары

Жұмыс аптасы 5 күн, екі демалыс күндерін құрайды, 8 сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс 1 сағат. Еңбек ақысы еңбек табелінде көрсетілген нақты жұмыс уақытына байланысты жұмыссыздың жеке есеп шатына аудару жолымен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, еңбек қауіпсіздігіне байланысты нұсқаулық жүргізіледі, арнаулы киіммен, құрал - жабдықпен қамтамасыз етіледі, зейнетақы және әлеуметтік есептемелер, уақытша еңбек етуге жарамсыздығына әлеуметтік жәрдемақы төлемі жүргізіледі.